

лімен етене Елбасы”
ген сөз тіркесі қазір
ки ауызға алынады.
Осы сөздің
аттығына Президент
ұлтан Назарбаевтың
2009 жылдың
арашасында өткізген
“тікелей желісі”
айшықты айғақ бола
алады. Газетіміздің
бүгінгі нөмірінде ел
іріндегі орны өзгеше
болған сол оқиғаның
жай-жапсары,
қорытындылары
аяланып, жұртшылық
ікірлерінің түйіндеме
сөздері беріліп отыр.

Егемен Қазақстан



№63-65 (25911)
20 АҚПАН
СЕНБІ
2010 ЖЫЛ

ISSN 1999-9720



Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсанныан шыға бастады • www.egemen.kz

ЕЛБАСЫНЫҢ “ТІКЕЛЕЙ ЖЕЛІСІ”

— өткен жылдың басты оқиғаларының бірі

2009 жылғы 13 қарашада Қазақстан Республикасының Президентімен өткен “тікелей желінің” қорытындылары туралы



2009 жылғы 13 желтоқсанда Мемлекет басшысының қатысуымен өткен “тікелей желінің” қорытындылары туралы бірінші айналы.

оның аясында бұқара халықтың іс-шараға қол жеткізуіне айрықша айтуғызылғаны белгілі. Телефон арқылы, Интернет, ұялы байланыс арқылы тәрізді мүмкін болатын барлық аныс арналары тегін қызмет етті. 30 қазаннан бастап сұрақтарды қ бойы қабылдау қамтамасыз етілді.

Call-орталығына тұрақты түрде 100-ден астам адам — модераторлар, телефон операторлары, техникалық қызметкерлер жұмылдырылды.

Салыстырмалы түрде алсақ, 2004 жылы Президенттің алғашқы “тікелей желісін” өткізген кезде сұрақтарды жинау телефон байланысы көмегімен тек қана бір күн ішінде жүрсе, 2007 жылы іс-шара басталғанға дейінгі 7 күнде тек қана Интернет арқылы қабылданды.


Осының барлығы “тікелей желіге” түсетін сұрақтар мен өтініштер санының бұрын-соңды болып көрмеген көлемде артуына жол ашты. Олардың жалпы саны 44452 (бұл 2007 жылғы Интернет-конференция кезіндегі 8 есе көп). “Тікелей желі” өткен уақытта іс-шараның сайтына 110 мыңнан астам адам кірген. Әлемнің 87 елінен шамамен 1 млн.-дай адам сайтқа кіріп, жауаптарды карап, танысқан.

Сұрақтар санының аса көп болғанын ескере келе, “тікелей желіні” өткізу кезінде келіп түскен азаматтардың сұрақтарымен және өтініштерімен мұқият

танысу жұмысы тек 2010 жылдың қантарында ғана толық аяқталды.


Сұрақтар мен өтініштердің жалпы санының 15 мыңдайы www.ling.gov.kz Интернет сайтына, 17 мыңы — телефон арқылы, 3 мыңы — vorgos@akorda.kz электрондық пошта арқылы, 9,5 мыңы SMS жүйесі арқылы келіп түскен.

Өңірлік үлесі бойынша сұрақтардың көбі Астана (4986) мен Алматы (3569) қалаларынан, Алматы (3170), Оңтүстік Қазақстан (3077) облыстарынан келіп түскен (1-диаграмма).



Мемлекет басшысына Қазақстан тұрғындарынан басқа ТМД елдерінен 85 азамат, алыс шетелдерден 30 азамат өтініш жасаған. Сұрақтардың 45%-ы мемлекеттік тілде, қалғандары орыс тілінде және екі

өтініш ағылшын тілінде келіп түскен. Келіп түскен сұрақтар мен өтініштердің 46%-ы — сұрақтар, 30%-ы — өтініш-арыздар, 16%-ы — шағымдар, 8%-ы — ұсыныстар мен пікірлер (2-диаграмма).



Талдау қорытындылары мейлінше жиі қойылатын сұрақтар мен өтініштердің мына тақырыптарға қатысты болғанын көрсетті:

Әлеуметтік-экономикалық сала — 18,6% (зейнеткерлер төлемдерінің мәшері арттыру, балалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету және көпбалалы аналарға материалдық қолдау жасау, еңбекақы төлеу және еңбек қатынастары, сондай-ақ жұмыспен қамту және көші-қон проблемалары туралы сұрақтар);

Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық — 16,3% (үлескерлік құрылыс проблемалары, тұрғын үй кешендерін өз уақытында пайдалануға берілу, Тұрғын үй құрылыс мемлекеттік бағдарламасы бойынша өтініштерді қарау рәсімдері мен іріктеу әдістері, ауаларды абаттандыру, ПИК жұмысы, жер қатынастары саласы туралы сұрақтар);

Заңдылық және құқық тәртібі — 9,2% (сыбайлас жемқорлықпен күрес, мемлекеттік сатып алулар кезінде заңды сақтау, мемлекеттік меншікті сақтау,

жеке егең қоғамдық, діни бірлестіктер мен саяси партиялардың қызметі туралы сұрақтар).

Шағымдардың басым бөлігі құқық қорғау органдарының, бақылаушы және қадағалаушы органдардың жұмысына (қылмыстық жауапқа негізсіз тарту туралы, қабылданған іс жүргізу шешімдерінің заңдылығын қайта тексеру туралы, қылмыскерлер мен хабар-ошарсыз кеткен адамдарды ауыстыра іздестіру туралы), жұмыс берушілердің іс-әрекеттеріне, жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне жасалған шағымдар.

Өтініш білдірушілердің едәуір бөлігі өткізілген сот актілеріне, сондай-ақ сот шешімдерінің орындалуының толықтығы мен өз уақытына келіспейді. Олардың біразы шартты мерзімінен бұрын босату тәртібін түсіндіруді, сондай-ақ рақымшылық жасау мерзімдері туралы айтуды сұраған);

Елімен етене Елбасы

стананы көріп мәз болдық

дам баласының арманы тасуылмасын деніз, ірбаға танылып, сыртқа шығудың өзі мұн болып інда менің көкірегімде Астананың бір көрсең деген н күмбірлеп тұрып алды. Елорда туралы газеттерден і, телеліктен көрген сайын бұл арманым үдей түсті, тғын айтсам, дағдарыс келіп киліккенде “қалайда наны көремін” деген ойым іске аспайтын қиялдай іп қалғаны белгілі.

Әйтпін жүргенде Елбасының “тікелей желісі” өтетінін і, Нұрсұлтан Әбішұлына хат жолдадым. Арманымды ым, қарттық қиялым үшін, жұмыс уақытын алғаным і кешірім сұрадым. Мен секілді кемтар жанды ігеніне рахмет. Бізге көмектесуді айтып, хатымызды іс өкіміне жолдапты. Содан мен секілді бес қамқонды і Ақтөбе облысының әкімі Елеусін Сағындықов мызға арнайы адамдар қосып, Астанаға аттандырды, тардың аясында келсек те Астана бізді жылы аймен қарсы алды. Арманымның іске асқаны үшін асына шексіз ризамын. Біздің сапарымызды мадақтаған облыс әкіміне де рахметтен басқа рымыз жоқ.

М.ЖЕТЕСОВ.
ОБЕ.

Президентке алғысым шексіз

Мемлекет басшысының халықпен “тікелей желі” арқылы тілдесуі баршамаз күтетін елеулі оқиға. Еліміз тұрғындарымен емен-жарқын әңгімелесудің әсері бәрімізге зор. Соның бір мысалы ретінде менің өмірімдегі өзгерісті айтуға болады. Көпшілік азаматтардай Президентімізге өз өтінішті жеткізе алуым соған сеп болды.

Бұдан біраз жыл бұрын жұмыстан қысқартылып, үйде қол қусырып отырып қалуға мәжбүр болған едім. Мамандығым қандай да өндіріске қажеттілігіне әрі тәжірибем жеткіліктіне орай жұмыс табылуға үмітім ақталмады. Ашық айтылмаса да сондағы сылтау жасымның 56-дан асқандығына байланысты екенін байқадым. Осындай қиындық үстінде жүргенде Елбасымен тікелей тілдесуге сөті түсуін айтсаңызшы. Басымдағы жағдайды жеткіздім. Көзбе-көз облыс басшыларына тілегім орындалуы жөнінде тапсырма берілді. Сөйтіп, талай жыл еңбек еткен кен техникаларын жөндеу зауытына жұмысқа орналасып, әріптестеріммен қайта табыстым.

Қазір сонда еңбек етемін, өзімнің, отбасымның тыныс-тіршілігіне еш алаңдаушылығым жоқ. Кәсіпорын инновациялық даму бойынша өңірлік бес жылдық жоспарға қамтылып, үлкен өрлеу жолын бастағалы тұр. Оған үлес қоса алатындығыма қуаныштымын.

Жергілікті баспасөзден білгенімдей, біздің аймақтан Елбасына 1500-ге жуық сұрақ қойылып, ұсыныс-тілектер жеткізіліпті. Соларға қатысты мәселелердің дені шешім тапқандығын облыс әкімінің есебінен естип, разы болдым.

Қалың қауыммен бұлайша тілдесіп-сөйлесу өте игілікті шара деп ойлаймын. Ол жылына екі рет өткізілсе тіпті құба-құп. Облыс басшыларының да осынау үрдісті үлгі тұтуын тілеймін.

Александр ТРОТНО,
Қарағанды кен техникаларын жөндеу зауытының жұмысшысы.

Әлем жұртын алаңдатқан ауған мәселесі

ЕҚЫҰ ПА-ның Қысқы мәжілісінде негізгі тақырыптардың біріне айналды

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған Қазақстан парламенттік делегациясының ЕҚЫҰ ПА Қысқы мәжілісіне қатысқан екінші жұмыс күні кеше таңертең Демократия, адам құқы және гуманитарлық мәселелер жөніндегі үшінші жалпы комитеттің отырысына қатысудан басталды.

Жақсыбай САМПАТ,
“Егемен Қазақстан” —
Венадан.

Бұл отырыс та “Хофбург” сарайында өтті. Қазақстан жағынан оның жұмысына аталған комитет мүшелері Сенат депутаты Әділ Ахметов пен Мәжіліс депутаты Светлана Бычкова қатысты. Делегацияның Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған қалған мүшелері бұл уақытта Бельведер сарайына экскурсия жасалды.



Германия Еуропа Саммитін өткізуді қолдайды

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан тарабының бастамасы бойынша ГФР Канцлері Ангела Меркельмен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі.

Ангела Меркель Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның ЕҚЫҰ-ірағалығы басталуына құттықтайды. Өз кезегінде, Мемлекет басшы Канцлерге Германияның Қатаннан Еуропадағы қауіпсіздік е ынтмақтастық ұйымына галдық етуіне көрсеткен көмегі е ЕҚЫҰ Саммитін Астанада зу туралы қазақстандық баста- ны қолдағаны үшін алғысын ізді. Екі елдің лидерлері атал-

Әлем жұртын алаңдатқан ауған мәселесі

ЕҚЫҰ ПА-ның Қысқы мәжілісінде негізгі тақырыптардың біріне айналды

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған Қазақстан парламенттік делегациясының ЕҚЫҰ ПА Қысқы мәжілісіне қатысқан екінші жұмыс күні кеше таңертең Демократия, адам құқы және гуманитарлық мәселелер жөніндегі үшінші жалпы комитеттің отырысына қатысудан басталды.

Жақсыбай САМПАТ,
“Егемен Қазақстан” —
Венадан.

Бұл отырыс та “Хофбург” сарайында өтті. Қазақстан жағынан оның жұмысына аталған комитет мүшелері Сенат депутаты Әділ Ахметов пен Мәжіліс депутаты Светлана Бычкова қатысты. Делегацияның Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған қалған мүшелері бұл уақытта Бельведер сарайына экскурсия жасалды.

Кәсіпкерлікті қолдау — экономикалық қана мәселе емес

Кеше өткен Үкімет отырысы басталар алдында Премьер-Министр Кәрім Мәсімов Астанадағы бомбалаң қорғану орнында болған қалың өрт салдарынан қаза тапқан Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары полковник Зайшевтің, департаменттің 6-шы өрт сөндіру бөлімінің бастығы Кәжішевтің, арнаы өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары Әбішевтің отбасыларына Үкімет мүшелерінің атынан көңіл айтаындығын жеткізді. Тиісті орындарға осы өрттің шығу себебін анықтап, қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету жасау жөнінде тапсырма берді.

Сұңғат ӘЛІПБАЙ,
“Егемен Қазақстан”.

Осы мәселе бойынша Төтенше жағдайлар министрі Владимир Божко хабарлама жасалды. Премьер-Министр сондай-ақ Банкувер олимпиадасында Қазақстан қоржынына күміс медаль салған Елена Хрусталеваны осы

Биатлоншы қыздың ерлігі

Кеше Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов биатлоннан Қазақстан құрамасының мүшесі Елена Хрусталеваны Банкувердегі қысқы Олимпиада ойындарда күміс медальды жеңіп алуымен құттықтады, деп хабарлады Үкімет басшысының баспасөз қызметі.

Бұл — қазақстандықтардың қысқы Олимпиадада он екі жылдық үзілістен соң қол жеткізген олимпиадалық медаль. Сіздің спорттық ерлігіңіз отандық спорттың даңқты жылнамасының тағы бір жарқын парағына айналады.

Елена Владимировна, Сіздің жеңісіңіз құрама командадағы серіктеріңіз үшін лайықты үлгі боларына үмітім зор. Сізге сәттілік пен жаңа жеңістер тілеймін!”



Жолдау ел халқын бірлікке үндейді

Елбасының атына Ақмола облысының құрметті азаматы, соғыс ардагері Баян Жанғаловтан хат келді.

Ол өз хатында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың елімізді басқарған уақыттан бері үлкен жетістіктерге қол жеткізіп келе жатқанын және Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауы арқашан зор ықыласпен қолдау тауып отырғанын атап өткен.

Меншіше, 2020 жылға мұндай күрделі міндеттер қоюға Қазақстанның экономикасы, ішкі-сыртқы жағдайының мүмкіндік беретін айқын байқалуда. Жолдау әр салада еңбек етіп жүрген

Еңсесі биік ел болдық

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Құмқол ауылының тұрғыны, зейнеткер Фарид Сағымбаева Елбасының атына жолдаған хатында “Сізді Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына тартуға болуыныңбен шын жүректен құттықтаймын! Деніңіз сау болып, халқымыздың қуанышы болып беріңіз”, деп ігі тілегін білдірген. Одан әрі хат несі қуанышын жыр жолдарымен жеткізіпті:

Қазақ деген елімің,
Кең-байтақ жерімің,
Әлемге атын шығарған,
Еңбегін халқын біледі —
Нұрсұлтандай ерімің!
56 елдің шығып торіне,
Тарихқа еніп есімің,
Дара туған тұлғасың,
Өнеген ел есіңде.

Көк байрағым желбіреп,
Еуропа торінде,
Өнұраным шырқалды,
Венада қала көңілде!
Еңсесі биік ел болдық,
Өскен елмен тең болдық,
Қазақ деген халқыма,
Тынысың тұрсын кең болып!

